Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Алматы қ. 2026 жылғы 27 қараша

Алматыдағы екінші Tabadul Roadshow іс-шарасында МБҚ-ға қол жеткізу мүмкіндігі және KASE мен MSX арасында сауда-саттық іске қосылатыны хабарланды

Алматыда "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) Abu Dhabi Securities Exchange (бұдан әрі – ADX) биржасымен бірлесіп, Muscat Stock Exchange (бұдан әрі – MSX) биржасының қатысуымен ұйымдастырған екінші Tabadul Roadshow іс-шарасы өтті. Іс-шараға Алматы, Абу-Даби, Маскат және Ереван қор биржаларының, реттеуші органдардың, эмитенттердің, брокерлер мен маркет-мейкерлердің өкілдері қатысты.

Роуд-шоу барысында KASE мен MSX арасында сауда-саттықтың басталғаны, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарға (МБҚ) қолжетімділіктің ашылғаны салтанатты түрде хабарланды. Бұған дейін Tabadul платформасы арқылы тек KASE Индексіне кіретін акциялар қолжетімді болатын. Сонымен қатар әмірліктердің BHM Capital брокері KASE-де қашықтан сауда-саттыққа қатысушы және маркет-мейкер мәртебесінде жұмыс істейді, ал қазақстандық Forte Finance брокері MSX-те (Маскат қор биржасы) қашықтан сауда-саттыққа қатысушы болып табылады.

Бүгінде Tabadul шеңберіндегі ынтымақтастық тұрақты даму қарқынын көрсетіп отыр – бүкіл желі бойынша 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы сауда-саттық көлемі 2025 жылғы көрсеткіштен асып түсті. KASE-де БАӘ-нің бірнеше брокері қашықтан сауда-саттыққа қатысушы мәртебесінде жұмыс істеп жатыр, ал қазақстандық екіден астам брокер ADX-те мәміле жасайды.

Сауда-саттық белсенділігінің жоғары болуына Қазақстан нарығының ішкі серпіні де ықпал етуде. 2026 жылдың он айында KASE-дегі сауда-саттық көлемі 920 млрд АҚШ долларына жетіп, өткен жылдың толық көрсеткішінен асты. Акциялар нарығын капиталдандыру көлемі 23% өсті, KASE Индексі 13%-ға жуық өсті, ал акциялардың қайталама айналымындағы бейрезиденттердің үлесі 10%-ға жетіп, екінші жыл қатарынан өсіп келеді. Институционалдық капиталдың одан әрі келуіне жағдай жасау үшін KASE клиринг орталығымен (KACC) және Орталық депозитариймен бірлесіп, шетелдік қатысушылар үшін есеп айырысу рәсімдерін жеңілдетіп, маркет-мейкерлер институтын дамытуда.

"Tabadul-ға қосылған кезде алдымызға нақты міндет қойдық. Абу-Даби мен Маскат инвесторлары қазақстандық компаниялардың бағалы қағаздарына өз нарығындағы құралдарға қол жеткізгендей тікелей қол жеткізе алуы, ал қазақстандық қатысушылар Парсы шығанағы елдерінің сауда-саттық алаңдарына шыға алуы керек еді. Бүгін біз келесі қадамды жасап отырмыз. KASE мен MSX арасындағы сауда-саттықты іске қосып, мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық жасауға мүмкіндік береміз. Жаңа брокерлер мен маркет-мейкерлердің келуі өтімділікті қамтамасыз етіп, Қазақстанға ұзақмерзімді институционалдық инвесторларды тартуға қажетті инфрақұрылымды қалыптастырады", – деп атап өтті KASE Басқармасының төрағасы Әділ Мұхамеджанов.

Өңірлік байланысты дамыту және қатысушылар аясын кеңейту Tabadul операторы Абу-Даби қор биржасы үшін де негізгі басымдық болып қала береді.

"Tabadul платформасы өңірдегі биржаларды үйлесімді біріктіретін бірыңғай цифрлық экожүйе ретінде құрылды. Алматыда өткен Tabadul Roadshow тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Tabadul қатысушысы болып табылатын биржалар біздің нарықтарымыздағы инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал ету үшін осындай іс-шараларды жиі өткізеді деп үміттенеміз", – деп атап өтті ADX Group бас директоры Абдулла Салем әл-Нуайми.

Екі күндік Tabadul Roadshow бағдарламасы аясында инвесторлар мен брокерлер үшін Қазақстанның жетекші эмитенттерінің, сондай-ақ ADNOC, Borouge компаниялары мен Оман брокерлерінің таныстырылымдары өтуде. Жоспарланған кездесулер мен нарық қатысушыларының тікелей келіссөздері жаңа іскерлік байланыс орнатуға және Қазақстан мен Парсы шығанағы елдері арасындағы өзара инвестицияларды кеңейтуге бағытталған.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша FEAS биржалары арасында бесінші орын алады (2024 жылдың қорытындысы бойынша). Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздармен, халықаралық қаржы институттарының облигацияларымен, шетел валюталарымен және туынды құралдармен сауда-саттық жүргізуге, сондай-ақ ақша нарығында репо және своп операцияларын жасауға арналған әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму жолындағы қор биржалары" бастамасының қатысушысы.

KASE клиринг орталығы (KACC) – KASE-нің 100 % еншілес ұйымы. Ол KASE-нің барлық нарығында клиринг пен есеп айырысуды жүргізіп, орталық контрагент функцияларын атқарады. Клиринг 1 500-ден астам қаржы құралы, соның ішінде KASE ресми тізіміне енгізілген 253 эмитенттің бағалы қағаздарының 989 шығарылымы бойынша жүргізіледі. 2024 жылы KASE мен KACC тәуелсіз сертификаттау аудитінен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды. Бұл сертификаттар нарық қатысушыларының сенімін арттырып, Биржа мен Клиринг орталығының бизнес-процестерді басқаруы және қызметін жүзеге асыруы сапа саласындағы халықаралық стандартқа сай екенін растайды. Сондай-ақ бұл Биржа мен Клиринг орталығының қызметінде клиенттер мен мүдделі тараптар алдындағы міндеттемені орындауға қатысты ұзақмерзімді стратегия мен жүйелі тәсіл бар екенін көрсетеді.

Tabadul платформасы туралы

Tabadul – капитал нарықтарын біріктіру, трансшекаралық сауда-саттықты дамыту және инвесторларға қатысушы биржалар мен брокерлік компаниялар арқылы өңірдегі инвестициялық мүмкіндіктерге ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) іске қосқан өңірлік цифрлық биржалық хаб. Қазіргі уақытта платформа он бір биржаны біріктіреді және инвесторларға бағалы қағаздармен трансшекаралық операция жүргізуге мүмкіндік береді, бұл ретте әлемдік деңгейдегі капитал нарығы инфрақұрылымының стандарттарына сәйкес келетін тиімділікті, айқындықты және сенімділікті қамтамасыз етеді.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз: Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) | Tabadul, communications@adx.ae www.adx.ae | www.tabadulhub.com,+7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.